




**АСТАНА АКШАМЫ**

## Абай рухы асқақтады

Табигаттың төрт мезгілін жырлаган қазақтың дана, дара тұлғасы Абай Құнанбайұлының өмірбаянында жаз мезгілінің алатын орны ерекше. Тамызда дүниеге келген ұлы ақын маусым айында фәниден бақыла көшті. Ормандағы орыс қауымы Пушкиннің туған, өлген күндерін ескеру сіз қалдырымайды. Ал, біз данышпанымыздың жалғанда татар дәм-тұзы таусылған күнін естен шығарып жатсақ та, туған күнін елемеген емеспіз. Тіпті, тамыз айында рухын екі рет аунатамыз.



Оның себебі, Абайдың немере інісі Әрхам Ысқақов ақын 10 тамыз күні туған деген деректі қалдырып кеткен. Қазақ осы датаға жүргініп келді. Бірақ, кейінгі жылдары Бауыржан Ердембеков сынды ғалымдар бүл датаны 23 тамызға сырғытты. Олардың пайымдауынша, Абай заманындағы 10 тамыз жаңа күнтізбеде 23 тамызға түседі. Қалай болғанда да ұлы ақын тамызда туғаны дау тудырмайды. Нақты туған күнін белгілеу қажет етіп тұрса да, тамыз айында шығармашылығының еленіп-ескерілуінде зандастық бар. Ағымдағы апта басында бас қаладағы Тарихи-мәдени мұра нысандарын және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекцияның ұйымдастыруымен «Абай әлемі біз» атты данышпанымызды еске алу шарасы өтті. Астанадағы ұлы ақын ескерткішінің жанына еңкейген қариядан бастап, мектеп жасындағы балаға дейін жиналып, Абай рухымен тыныстады. Ұлы ақынның өлеңдерін, «Қара сөздерін» оқып, әндерін салған жүрт хакімнің өзі айтпақшы, журегінің түбіне бойлады. Ұйымдастырушылардың атынан сөз алған елордадағы ескерткіштерге жауапты мекеменің инспекторы Дәметкен Бекова Абайдың шығармашылығына арналған алғашқы кеш осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өткізілді деген тарихи деректі жаңғыртты.

Алғашқы кеш ұлы ақынның дүниеден өткеніне 10 жыл толуына орай Семей қаласында 1914 жылдың 26 қаңтарында өтті. Оны ұйымдастыруға сол замандағы ұлтымыздан шыққан зиялды қауымның қатарынан орын алған ерлі-зайыпты Нұргали және Нәзипа Құлжановтар, Абай өлеңдерін тұңғыш бастыруши, Құнанбай әuletінен шыққан Кәкітай Ысқақұлы, осы әuletтің тағы бір дарынды перзенті Шәкәрім Құдайбердіұлы, Абайдың өз баласы Тұрағұл және Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі үлкен еңбек сіңірді. Алаш көсемі Әлихан Бекейхан мен Нәзипа Құлжанова Абайдың өмірі мен шығармашылығын қамтыған баяндама оқыды. Сол кешке Мұхтар Әуезов, Жұсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев сияқты кейіннен қазақтың тау тұлғаларына айналған жастар қатысты.

Кеш бағдарламасы сол жылы шыққан «Айқап» журналының екінші санында басылды. Кештің қалай өткендігі жөнінде «Қазак» газетінде ақпарат жарияланды. Кейіннен тағы бір Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы осы газеттегі мақаласы арқылы кештің мән-мазмұнын ашып, оған жауапты болған адамдардың еңбегіне тоқталды.

Шындығында, Абайды қазаққа ғана емес, орыс жүртүна таныту жағынан осы кештің берері мол болды. Онда ұлы ақыннымыздың Пушкин, Лермонтов, Толстой сывнды классиктермен байланысы сөз етіліп, Абайдың өскен ортасы туралы мәлімет берілді. Өлеңдері оқылып, ойшылдың көзін көрген әнші Әлмағамбет Қапсаләмұлы оның әндеріне салды. Әсіресе, сол замандағы жазбалардан «Татьянаның әніне» көрерменнің ықыласы қатты ауғанын байқаймыз.

Осыдан бір ғасырдан астам уақыттан соң Астанада өткен ақынды еске алу шарасына келсек, онда да Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Серік Оспанов айтқан Абай әндеріне жиналған жүрт дүркірете қол соқты. Ұлы ақын рухына тағым ете келген астаналықтар данышпаннның шығармаларынан алатын әсерлерін әнгімелеп, өлеңдерін оқыды.

Жалпы, кім қандай қызмет атқарса да Абай мұрасын өміріне азық етеді. Атамыш шарада әскери қызметкерлер Абайдың «Қара сөздерін» оқығанына қарап, оған қайта көз жеткіздік. «Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған». Бұл – хакімнің өз өлең жолдары. Осы сөзді ақынның өзіне арнап айтуға болады...

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**